

**«6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Саметова Жанакуль Шынгисхановнаның «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар және оны оқыту (XXI ғасыр)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына реєсми рецензенттің**

## **ПІКІРІ**

### **1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы**

Қазіргі қоғамға қажет жоғары білімді кәсіби мамандарды дайындау әр пәннің ғылыми теориялық, әдіснамалық және әдістемелік жүйелерінің өзара сабактастықта құрылып, пәннің жетекші қызметін айқындаумен сипатталады. Жоғары мектептегі қазақ әдебиетін оқыту болашақ пән мұғалімдерінің ұлттық, жалпыадамзаттық, интеллектуалдық және жеке тұлғалық азаматтық құндылықтарын дамытуға бағытталып, пәнді оқытудың әдіснамалық деңгейдегі міндеттерімен ұштасады.

Қазіргі жаңа ғасырда туындаپ отырған галамдық әдеби құбылыстар, ағымдар мен бағыттарды және бүтінгі қазақ әдебиетінің даму үрдісі мен үдерісін әдебиеттанушылық және әдістемелік түрғыда менгерту болашақ мамандарға әдебиетті оқытудың басты бағдары болып табылады.

XXI ғасырдағы қазақ прозасын жанрлық, тақырыптық, мазмұндық, формалық-пішіндік ізденіс түрінде анықтап, оны жоғары мектепте оқытуудың ғылыми-әдістемелік жүйесін жасауға ұмтылу зерттеу енбегінің өзектілігін айқындаі түседі.

Диссертациялық жұмыста қазіргі қазақ прозасының дамуы дәуір шындығы, сол дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік сипаты, кейіпкер бейнесін ашатын көркемдік ізденістер мен ағымдарды біріктіре отырып, жазушының өзінің ерекше суреткерлік әлемін танытумен айқындалады.

Бүтінгі қазақ прозасының әлемдік әдеби-мәдени үрдістердің кейір бағыттарымен үндесуін М.Мағаун, А.Алтай, Д.Амантай, Р.Мұқанова, А.Кемелбаева, Д.Куат, Д.Рамазан және т.б. қаламгерлердің шығармаларындағы кейіпкерлердің өзгеше ойлауының, жан күйзелісінің, арман-тілегінің, өмірге деген көзқарасының дәстүрлі әдеби кейіпкерден алшақтығынан байқаймыз.

Сол себепті бұл диссертациялық жұмыста класикалық әдебиеттен жаңа заман әдебиетіне постмодернизмге бетбұрыс айқын байқалады. Оны жұмыстың бірінші тарауындағы ой-пікірлердің теориялық зерделенуінен көреміз. Зерттеуші қазіргі прозадағы өмір ірімдерін, автордың өзіндік айқында масын, шығарманың көркемдік ерекшеліктерін теориялық талдауды әдістемелік талдаумен іштей бірлікте, тұтастықта қарастырып, XXI ғасырдағы қазақ прозасының көркемдік әлемін диалектикалық бірлікті үйлестіре алған.

Зерттеу жұмысында қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістердің сөз өнерінің дәстүр сабактастығында жанғыруы еліміздің көрнекті әдебиеттанушы ғалымдарының зерттеулерінен өріс алып, жоғары мектепте әдебиетті оқытудың жана бағыттарын іздестіруге негіз болады.

**2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.** Диссертациялық жұмыстың құрылымдық жүйесі мен тақырыптық мазмұны жаңа ғылыми нәтижелер алуға бағытталып, докторанттың жасаған тұжырымдары қазақ әдебиетін оқытудағы қазіргі әдістемелік сұраныстармен бірліктеде дәйектеледі.

Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытынды, қосымшалар және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде диссиденттің ғылыми тақырыптың өзектілігін, зерттелу деңгейін, мақсаты мен міндеттерін, ғылыми болжамын, жұмыстың теориялық-әдіснамалық негіздерін, зерттеу әдістері мен ғылыми жаңалығын, тәжірибелі маңызын ғылыми тұрғыда негіздейді. Диссертацияның бірінші тарауында қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдардың даму арналары, посмодернистік дискурс жан-жақты талданады. Екінші тарауда қазіргі қазақ прозасын оқытудың әдіснамалық негіздері, философиялық, психологиялық, педагогикалық аспектілері карастырылады. Докторант бұл тарауда жоғары мектептегі әдебиетті оқытудың әдістемелік жүйесін, сол сиякты кейіпкер бейнесіне психологиялық талдау жасаудың жолдарын ұсынады.

Үшінші тарауда қазіргі қазақ прозасын оқытудың ғылыми әдістемелік жүйесі ұсынлады және эксперимент нәтижелері баяндалады. Аталған тарауда диссиденттің пәндік құзыреттіліктер мен әдеби-тәнімдік оқу дағдыларын дамытуда қолданылатын продуктивті оқыту әдістерін, инновациялық оқу стратегияларын, дәріс және семинар сабактарының үлгілік жоспарын көрсетеді.

Зерттеу жұмысының құрылымы, мазмұны, қажетті ғылыми әдебиеттердің пайдалану дәрежесі, қолемі докторлық диссертацияларға (PhD) қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Диссидент Ж.Саметова зерттеудің ғылыми нәтижелерін «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар» атты элективті оқу курсының негізінде жоғары мектепте қазіргі прозаны оқытудың әдістемелік жүйесі мен мазмұндық-құрылымдық моделін бере отырып дәлелдейді.

**3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.** Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелерінің негізделуі ізденушінің ғылыми-теориялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттердің талдап, практикалық тұрғыда тексеріп, әрбір нәтиже бойынша қорытынды жасауымен айқындалады. Қазіргі қазақ прозасын оқытудың жоғары мектептегі қазақ әдебиетінің пәндік қызметін жүзеге асыруға бағытталуы алынған нәтижелердің шынайылық дәрежесін көрсетеді.

**4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми пәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

Диссиденттің қазіргі қазақ прозасын жоғары мектепте оқыту әдістемесінің

философиялық, педагогикалық, психологиялық негіздерін ғылыми тұрғыдан айқындауға ұмтылған. Зерттеу барысында қолданылған инновациялық әдістәсілдер, интерактивті оқыту технологиялары оқытудың жалпыидактикалық қағидаларымен үндестік тауып, прозасы менгертудің әдістемелік жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік бере алады. Ж.Саметованың «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар» атты курстың оку бағдарламасын, силлабусын, дәрістік кешенін, семинар сабактарын откізудін, СӨЖ, СОӘЖ орындаудың әдістемелік нұсқауларын дайындаған, байқаудан өткізуі жұмыстың жаңашылдық деңгейін көрсетеді.

Диссертант ұсынып отырған тәжірибелік жұмыс корытындылары әрбір ғылыми нәтиженің жаңалығын дәлелдеуге негіз болады.

### **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Диссертациялық жұмыстағы алынған нәтижелердің ішкі бірлігі тараулар мен олардың тармақтарында жасалған тұжырымдардың логикалық байланысының бірізділігінен көрінеді. Зерттеушінің пайымдаулары қазіргі казақ прозасын оқытуға негізделген әдістемелік ұстанымдармен ұштасып жатады. Зерттеуде айтылған әдістемелік ұсыныстар дәріс, семинар сабактарының ұлгілерінің берілуімен сипатталады.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер студенттердің жана ғасырдағы қазақ әдебиетінің жаңа туындыларын оқута деген қызығушылығын арттырып, болашак маман ретінде жоғары мектепте әдебиетті оқыту әдістемесі бойынша білімдерін жетілдіруге септеседі.

Алынған нәтижелер еңбектің теориялық және практикалық маңыздылығын анықтай түседі және білім алушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін, пәндік күзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін жоғары мектептегі әдебиетті оқыту әдістемесінде, арнайы оку курстарында, әдебиет сабактарында қолдануға болады.

### **6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктілігіне растама.**

Ж.Саметованың диссертациялық жұмысының нәтижесі, тұжырымдары мен қорытындылары отандық және халықаралық ғылыми конференциялар мен басылымдарда жарияланған мақалаларда көрініс тапқан. Зерттеу нәтижелерінің Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда -7, халықаралық скопус мәліметтер базасына тіркелген журналдарда 2 мақала, шетелдік, отандық ғылыми басылымдарда 4 мақала, барлығы-19 ғылыми мақаланың жарық көруі диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігін раставды.

### **7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Диссертациялық жұмыста қазіргі казақ прозасын жоғары мектепте оқыту әдістемесінің жоғары білім беру жүйесіндегі жаңа парадигмалармен

сабактастығы жан-жақты талданып, оку нәтижелері пәндік күзыреттіліктерді айқындауға, әдеби білім мазмұнын тұтас қабылдай алуға, көркем туындыларда көрініс тапқан қазіргі заманауи мәселелерді салыстырып, интерпретациялауға, қазіргі қазақ прозасының типологиялық ерекшеліктерін анықтауға септігін тигізетінін дәйектей алған дей отырып, төмендегідей ескертпе-ұсыныстарды да атап көрсету қажет деп санаймын:

1. Зерттеу нысандың алынған көркем шығармаларды іріктеуде, әдеби білім мазмұнын құрастырудың қандай ұстанымдар басшылыққа алынды?
  2. Екінші тараудың «Жоғары мектепте прозалық шығармаларды оқытудың психологиялық аспектілері» тараушасында қөбінесе шетел және Ресей ғалымдары ғана көрсетіледі. Неліктен қазақ психологтарының ғылыми еңбектеріне сілтеме жасалмаған? Мәселен, түйсіну, киялдау, ойлау, елестету, қабылдау сияқты психологиялық қызметтердің механизмдері казақ психологиясында, атап айтқанда Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, Қ.Жарықбаев, М.Алдамұратов және т.б ғалымдардың ғылыми тұжырымдарында жеке тұлғаның біртұтас даму деңгейін қамтитын күрделі құрылым ретінде қарастырылған, осыны ескеру керек сияқты.
  3. «XXI ғасыр прозасындағы көркемдік ізденистер мен ағымдарды оқытудың жаңа әдістемелік жүйесі» атты үшінші тарауда қазақ әдебиетін оқыту әдістемесімен айналысқан отандық, яғни қазақ ғалымдарының зерттеулері неге қалыс қалған? Жоғары мектептегі әдебиетті оқытуға арналған құнды зерттеу ретінде әдіскер ғалым Б.Жұмақаеваның енбегіне сілтеме жасалуы өте орынды, дей тұрғанмен диссертациялық жұмыста негізгі мәселенің бірі оқыту болғандықтан басқа ғылыми еңбектерге де талдау жасау керек еді.

8. Диссертация мазмұнының ғылыми дәреже бересі ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Корыта айтканда, диссертациялық жұмысты толық аяқталған, маңсатына жеткен, ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкес жазылған ғылыми еңбек деп бағалай отырып, Саметова Жанакуль Шынгисхановнаны докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент  
әл-Фараби атындағы Қазақ  
ұлттық университетінің  
доценті, педагогика  
ғылымдарының кандидаты



Эрінова Б.А.